bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718**
2019

**БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР**

# Менің отбасым

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 22.09.2019 | https://bilimger.kz/60739/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | |
|---|---|
| **Пәні: Дүниетану**<br>**Сабақтың тақырыбы: Менің отбасым** | **Мектеп:** |
| **Күні:** | **Мұғалімнің есімі:Сарсенова Мулдир Танатаровна** |
| **СЫНЫП: 1** | **Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:** |

| | |
|---|---|
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | 1.1.1.2. Отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын анықтау |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:**<br>· Отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын біледі.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>· Отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын анықтайды, ажыратады.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>· Отбасындағы орны туралы өз пікірін білдіреді. |
| **Бағалау критерийлері:** | — Отбасы мүшелеріне қатысты туыстық атауларды ажыратады.<br>— Туыстық қатынастарда өз орнын анықтайды. |
| **Тілдік мақсат** | Диалог құра отырып, үйдегі өзге мүшелерге қатысты туыстық байланыстар жүйесін айта алады.<br>**Негізгі сөздер мен тіркестер:**<br>«Отбасы» ұғымы, туыстық байланыстар жүйесіндегі өз орны, отбасылық дәстүрлер, отбасы мүшелері арасындағы қамқорлық қарым-қатынас. |
| **Тілдік дағды** | Отбасы – семья – family, ана- мать- mother, әке — отец – father, бала – ребенок- baby |
| **Құндылықтарды қалыптастыру** | Сыйластық, өзара түсіністік, татулық, ынтымақтастық, ауызбіршілік |
| **Пәнаралық байланыс** | Сауат ашу – өлең айту, денешынықтыру- жаттығу жасау |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Алдыңғы оқу** | Отбасы туралы біледі, отбасы мүшелерін атайды. Отбасы туралы әңгімелейді. | |
| **Жоспар** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)** | **Ресурстар** |
| Басталуы 4 минут | **Психологиялық ахуал**<br>Оң қанатым әкем де,<br>Сол қанатым анашым.<br>Қанатымның екеуі,<br>Аман болсын әрқашан.<br>**Топтастыру.** Отбасы мүшелерінің атауымен топқа біріктіру.<br>1 – топ «Әке», 2 – топ «Ана», 3 – топ «Бала» | Суреттер |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

Ортасы
32 минут

5мин

**Ой қозғау. Түрткі сұрақтар.**
— Балалар, әке, ана, бала бұл үшеуі біріккенде нені құрайды?
— Сенің отбасыңда кімдер бар?
**1- тапсырма. Жеке жұмыс.**
**Сұрақтарға жауап жазыңыз**.

Үлестірме қағаз

5мин

1. Әкеңіздің анасы сізге кім болады?
2. Әкеңіздің әкесі ше?
3. Өзіңізден үлкен бауырыңызды қалай атаймыз?

**Дескриптор:** *Білім алушы*
— сұраққа қатысты туыстық атауларды ( әже) дұрыс жазады.
— сұраққа қатысты туыстық атауларды ( ата) дұрыс жазады.
— сұраққа қатысты туыстық атауларды ( аға, әпке ) дұрыс жазады.
**«Бас бармақ»** арқылы өзін- өзі бағалау.

3 мин

**Сергіту жаттығу.** Қимыл- қозғалыспен көрсету арқылы бір шумақ өлең айту.
Дөңгеленіп тұрайық,
Керегені жазайық.
Уықтарды шанышып,
Қараша үйді құрайық.

Интербелсенді тақта

2- **тапсырма. « Суреттер сөйлейді» әдісі.** Оқулықпен жұмыс.
1. Суретте кімдер бейнеленген?

5мин

2. Өзіңнің отбасың туралы әңгімелеп бер.
3. Сенің отбасыңда қандай дәстүрлер сақталған?
4. Сенің отбасыңдағы міндеттерің қандай?

**« Жұлдызша»** арқылы бірін- бірі бағалау.
**3-тапсырма.Топтық жұмыс. *Белсенді оқу.***
**«Сахналау» әдісі. Рөлдік ойындар.**
Әр топ өздері отбасындағы өзге мүшелерге қатысты қандай қамқорлық көрсететінін сахналайды.
Мысалы, әжесіне базарға барып келуге көмектеседі немесе қарындасын иә болмаса інісін балабақшадан алып келеді, т.с.с.
**« Соңғы сөзді мен айтайын» әдісі бойынша бағалау.**
**4-тапсырма. Жұптық жұмыс**
**«Кел, талқылайық» әдісі**

6 мин

*Отбасы мүшелерінің арасындағы қамқорлықты бейнелейтін суреттерді белгіле.*
**«Отшашу»** арқылы жұптар бірін – бірі бағалайды.

**Қалыптастырушы тапсырма**
**5- тапсырма**
**Сызбаны өзіңізге қатысты отбасы мүшелерінің атауларымен толықтырып жазыңыз.**

4 мин

**Дескриптор:** *Білім алушы*
— туыстық атауларды дұрыс жазады (ата);
— туыстық атауларды дұрыс жазады (нағашы әже);
— туыстық қатынастарда өз орнын анықтап жазады (немере);

Үлестірме қағаз

4мин

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | |
|---|---|
| Аяқталуы Кері байланыс 4 минут | |

**Қосымша ақпарат**

| Саралау -Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | Бағалау — Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтардағы байланыс |
|---|---|---|
| · Отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын біледі.<br>· Отбасындағы өзге мүшеліріндегі туыстық қатынастарда орнын түсіндіреді.<br>· Отбасындағы орны туралы өзінің пікірін білдіреді. | · Басбармақ, жұлдызша, Отшашу | · Денсаулық сақтау технологиялары. Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері.<br>· Партада дұрыс отыруы.<br>· Интербелсенді тақтамен жасауда абай болу. |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.